

Ақпаратты-библиографиялық бөлімінің менгерушісі –

Ақшораева Гүлмира Ерсінбекқызы

Болім, облыс көлеміндегі зағип және әлсіз көретін азаматтарға қызмет көрсететін бвкіл арнайы кітапхана филиалдары мен пункттеріне әдістемелік орталық болып табылады. Филиалдар мен пункттердегі кітапханалық қызметтің дамуын талдайды, озық тәжірибелерді таратады, оқырмандардың арнайы сұраныстарын анықтау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізеді. Облыс көлеміндегі зағип оқырмандарға қызмет көрсететін кітапханашылардың кәсіби біліктілігін жоғарылату мақсатында, тәжірибе алмасу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырып откізеді. ОКО арнайы кітапхананың және филиалдар мен пункттердің жұмыс жоспарлары мен есептерін сараптап, қабылдайды. Кітапханалық және ақпараттық жұмыстың жана тиімді түрлерін зерттеп енгізеді. Кітапхананың баспа қызметін үйлестіреді. Облыстағы арнайы кітапхана филиалдары мен пункттеріне кенестік және әдістемелік көмек көрсетеді. Токсан сайын әдіскерлер күні отіп тұрады. Когаммен үйлестіру қызметін ұйымдастырады. Облыс көлемінде, зағип оқырмандардың интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпал ететін ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге және ақпараттық ортаны қалыптастыруға, оқырмандардың ақпараттармен алмасуларына, бос уақыттарын тиімді пайдалануларына мүмкіндік жасауға, олар үшін қарым-қатынас жасаудың мәдени, рухани орталығын құруға өз үлесін қосады. Кен көлемде I-II топ көз мүгедектерімен байқаулар, фестивальдар, спорттық жарыстар т.б. көпшілік іс-шараларға арналған құжаттар дайындап, откізеді. Болім қызметінің басымды бағыттарының бірі 2010-2011 ж.ж. арасында 3 жылға жоспарланған I-II топ көз мүгедектері арасында отіп келе жатқан «Жанарым менің жүрегім» атты облыстық фестиваль. 2011 жылда ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына, М.Мақатаевтың 80 жылдығына, Ж.Жабаевтың 165 жылдығына арналып отыр. Болімде дәстүрлі түрде библиографиялық, фактографиялық ақпараттар жинағы сақталады. Бвкіл баспа-басылымдары онделеді: зағиптар үшін қажетті ақпараттар, жана ақпараттық технология көмегімен картотекалар және библиографиялық мәліметтер базасы қалыптасқан, оқырмандарға библиографиялық қызмет көрсетіліп, анықтамалар мен ақпараттармен қамтуда. Мектеп-интернатының оқушыларымен анықтамалық-библиографиялық аппарат /АБА/ бойынша іс-шаралар отеді. Кәсіби басылымдарға шолулар жасалынады. Библиография күні, ақпараттар күні отіп тұрады.

Әдістеме болімінің құрамына компьютерлік сынып кіреді. Жоғарыда аталған сыныптың негізгі жұмысының бағыты көздері нашар көретін пайдаланушыларға компьютерлік технологиялардың қолдануына бірдей мүмкіндік беріп, оларға осы салаға қатысты

бағдарламалар және арнайы компьютерлер ұсынылады. Келушілер «книголюб» атты кітап оқу машинасы кешенімен, экранды дыбыстайтын «jafs», «электронды лупа», «virgo» және электронды кітаптарды оқуға арналған «максридер» сияқты компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуге болады. Жоғарыдағы көрсетілген арнайы бағдарламалар арқылы жеке компьютерді толық игеріп қоймай стандартты мәтіндік бағдарламалармен еркін жұмыс істей береді мысалы «Борд», «Блокнот» сондай-ақ загіп пайдаланушы «Неро-экспресс» бағдарлама арқылы CD және DVD дискілерге еркін керекті акпараттар жаза береді. Бұл бөлімде компьютерлік сабақтарды ересектер мен балалар қатар оқи береді.